

САЙЛАУ – 2019/2

Бірлік — біздің тірегіміз

ТЫҢ ДЕРЕК/3

Тектінің тұяғы

КИНО/4

Тарихи туынды

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ

Поэзия патшалығы — Тұран төрінде



Сыр бойы



№78 (19756)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

30 мамыр /БЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

Сыр елінің жаңа көкжиектері

Қазір Қызылорда облысы елімізде көшбасшы өңірлер қатарында тұр. Бұл, әрине, тың идея, батыл бастамалар мен табанды еңбектің, әркез бірлікті үндейтін халықтың ынтымақ жемісі. Дамудың жана дәуірін қалыптастырған өңір ендігі жерде алдағы міндеттерді айқындап алуға тағы бір қадам жасап отыр.

28 мамыр күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Үкімет мәжілісінде сөз сөйледі. Онда облысты әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022

жылдарға арналып әзірленген Кешенді жоспар таныстырылды. Өнеркәсіп, «Байқоңыр» кешенінде арнайы экономикалық аймақ құру, агроөнеркәсіптік кешен, кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, экология, су шаруашылығының ахуалы, әлеуметтік сала мен Қызылорда қаласының бас жоспары сынды басты-басты мәселелер сүзгіден өтіп, сүбелі бастамалар айтылған жиындағы облыс басшысының сөйлеген сөзінен оқырман назарына ұсынамыз.



Құрметті Аскар Узақбайұлы! Әріптестер!

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылғы 7 ақпанда Қауіпсіздік кеңесі отырысында Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Үкімет бастауымен Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған Кешенді жоспарын әзірлеуді тапсырды.

Бүгінде Кешенді жоспар әзірленді, ол 119 іс-шарадан құралып, құны – 219,7 млрд теңге болды. Оның 156,7 млрд теңгесі республикалық бюджеттен, 50,6 млрд теңгесі жергілікті бюджеттен, қалған 12,4 млрд теңгесі басқа қаржы көздерінен болмақ.

Енді Жоспардың негізгі бағыттарына қысқаша тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Бірінші, өнеркәсіп блогы.

Бүгінгі күні, Қызылорда облысында қолданыстағы мұнай - кен орындары 50%-ға сарқылды, мұнай 1,5-2 мың метр тереңдікте ғана бұрғылануда.

Сондықтан, жоғарыда аталған кен орындарында 5 мың метрден аса тереңдікте бұрғылауды жүзеге асыруды ұсынамыз. Бұл үшін 11 млрд теңгені қажет ететін тиісті геологиялық барлау-зерттеулер жүргізу қажет.

Келесі – «Байқоңыр» кешенінде арнайы экономикалық аймақ құру Байқоңыр қаласының, сондай-ақ, жалпы өңірдің экономикасын өсірудің локомотиві болмақ, онда көп салалы өнеркәсіп және ғарыштық туризм салаларын дамытудың арқасында инвестициялар ағыны ұлғайтып, жана жұмыс орындары құрылады деп күтілуде. Жоба мемлекет басшыларының және үкіметаралық комиссия тарапынан қолдау тапты.

Ал, Агроөнеркәсіптік кешен блогында жана суармалы жерлерді енгізумен және қолданыстағыларын қайта жанартумен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің өсуіне және оның экспортын одан әрі арттыруға назар аударылатын болады.

Кәсіпкерлікті дамыту бөлігінде «Бизнестің жол картасы - 2025» бағдарламасы шеңберінде өңірдегі бизнесті дамытуды ынталандыру бойынша 10,7 млрд теңге сомасында 6 іс-шараны жүзеге асыру жоспарлануда.

Аталған жұмыстар нәтижесінде келесі 2 жылда жалпыөнімді өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 20%-дан асады.

Транспорттық инфрақұрылым бөлігінде 45,2 млрд теңге сомасында іс-шаралар жоспарлануда, бұл 2022 жылы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автомобиль жолдарының желісінің 72%-ға дейін жақсартуға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы блогына байланысты.

Бүгінгі күні облыстың 7 аудан орталығының 4-і газбен қамтылған. Аталған құжат шеңберінде облыста биыл қалған 3 аудан орталығы және кезек-кезегімен 6 тіректі елді мекендер бойынша жұмыстарды жүзеге асыру ұсынылады. Осы мақсаттарға бюджеттен 22,8 млрд теңге бөлінуі қажет.

Өңірде облыс орталығын үздіксіз жылумен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр.

Қолданыстағы жылу қуаттылығы пайдалануға сонау 1964 жылдар берілген, яғни 50 жылдан аса пайдаланылып келеді, соған сәйкес жабдықтар әбден тозған. Осы себептерге байланысты алдағы уақытта облыс орталығының 700-ге жуық көпқабатты үйлері жылуысыз қалуы мүмкін.

Осы орайда, «Қызылорда қаласының Жылу электр орталығын кеңейту және қайта жаңғырту» жобасын жүзеге асыру аса қажет етіледі. Жалпы облыстың жылумен қамту бойынша шараларға 22,8 млрд теңге қажет, оның ішінде Жылу электр орталығын қайта жаңғыртуға – 15,4 млрд теңге.

Сумен жабдықтау саласына келетін болсақ, жалпы сомасы 28 млрд теңгенден аса қаражатқа 14 су жобасын жүзеге асыру ұсынылып отыр, бұл ауылдық елді мекендерді

орталықтандырылған сумен жабдықтауды 76,5 пайыздан 84 пайызға дейін қамтамасыз етуді арттырып және Байқоңыр қаласының сумен жабдықтау мен су бұру жүйелері жақсаратын болады.

Экология және табиғатты пайдалану бөлігінде жалпы құны 14,7 млрд теңгені құрайтын 15 іс-шара жоспарлануда. Олар:

– Солтүстік Аралдағы «Көкарал» бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің сағасын қалпына келтіру жобасы. Айта кету қажет «Көкарал» бөгетін шұғыл нығайтпасақ, су көлемі 27,4 млрд текше метрді құрайтын Кіші теңізден бір мезетте айырылып қалуымыз мүмкін...

Жоспарда Қызылорда су торабын Кешенді жөндеу, «Күміскеткен» мен «Қараөзек» су қоймаларының құрылысы қарастырылған.

Әсіресе, Қызылорда су торабының апаттық мәселесі шешілетін болады.

Өйткені, ол бұзылған жағдайда 110 мың гектар суару жерлері мен 250 мың гектар жайылым жерлері және де облыстың 3 ауданы аймағындағы шабындықтарын сумен жабдықтау бұзылып, Қызылорда қаласы мен 400 мыңнан аса адам тұратын 35 кішігірім елді мекенді су басу қаупі болады...

Әлеуметтік салаға келсек.

Халықты әлеуметтік қорғау бойынша Арал өңіріндегі экологиялық апат және экологиялық дағдарыс аймағында тұратын әйелдердің босануға дейінгі және босанудан кейінгі жүктілік демалысының мерзімін ұзарту, сонымен қатар Арал өңіріндегі экологиялық қасіретпен байланысты аурулардың тізбесін анықтау бойынша арнайы зерттеулер жүргізу көзделуде.

Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 500 тәсеттік көпбейінді облыстық аурухана және 5,7 млрд теңгеге – Қазалы ауданында орталық аудандық емханасы мен Қызылорда қаласында қан орталығы – 2 нысанның құрылысы салынады.

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Парасатты поэзия» халықаралық фестиваліне қатысушыларды қабылдады. Олардың арасында Ф.Оңғарсынованың сіндісі Алмағұл Оңғарсынованың мен ақынның ұлы Алмас Оңғарсынованың және Жарасқан Әбдіраштың ұлы Рүстем мен немересі Әбілхайыр Әбдіраш та бар.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Қабылдауда аймақ басшысы шығармашылық өкілдеріне жылы лебізін білдірді және өңірдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуы бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырып өтті.

– Былтыр Сыр топырағында тұсауы кесілген халықаралық «Парасатты поэзия» фестивалі биыл «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ақын, Халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың иегері Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығы мен ақын, сыншы, аудармашы Жарасқан Әбдірашұлының шығармашылығына арналып отыр. Жыр мерекесіне Түркия, Әзербайжан, Татарстан, Қырғызстан елдерімен қатар республиканың танымал ақындары қатысып отырғаны қуантады. Бұл бастаған ісімздің нәтижелі болғанын және ақындардың зор қолдауды көрсетеді. Сыр өңірі тарихи, мәдени мұраларды ұлағаттап, жас ұрпаққа кенінен таптықта ауқымды жұмыстардың жүрінуіне әрдайым ұйытқы болып келеді, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, аймақ басшысы өткен жылы 21 қараша барша түркі халқына ортақ ұлы ойшыл Қорқыт ата мұралары ЮНЕСКО-ның ғаламдық материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізіліп, әлемдік рухани құндылықтар қатарына қосылғанын атап өтті.

Қабылдауда Түркиядан келген ақын, публицист, Түрік, Әзербайжан Жазушылар одағының мүшесі Мехмед Нури Пармаксұз, ақын, жазушы, Татарстан Жазушылар одағының мүшесі Рүстем Галиуллин, Әзербайжан Жазушылар одағының баспасөз хатшысы, ақын, журналист, Әзербайжан және Еуразия Жазушылар одағының мүшесі Хаял Рза, ақын Мейіхан Ақдәулет, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ақын, Ресей Жазушылар одағы Керим Отаров атындағы алтын медаль иегері Мақпал Мыса және қырғыз ақыны Қарбалас Бакиров сөз алып, рухани байланыстың алтын көпірі болып, түркітілдес ақындардың басын қосып, үлкен мәдени шара өткізіп отырған облыс әкімдігі мен өңір халқына ризашылықтарын білдірді.

Қызылордада үш күнге созылған халықаралық «Парасатты поэзия» фестивалі кеше Н.Бексезанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында қорытылды. Ақындар кешіне облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Назерке САНИЯЗОВА.

Айтулы шара ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына және ақын, сыншы аудармашы Жарасқан Әбдірашұлының шығармашылығына арналды.

Жылы бөлек, жөні ерек кештің Елбасы Алаштың анасына балаған Сыр елінде өткізіліп бекер емес.

– Сөз өнерін сүйеніш етіп, шешендігімен кестелі олең өрген өнер иелерін Сыр елі ешқашан қатсынбайды. Ақындық өнер – бір жылдың жемісі емес, ғасырды ғасырға жалғайтын өлмес өнеге десек, бүгін, міне, Сыр елінде алты Алаштың ақындары екінші мәрте жүзесті. Жұртының сөзін жүрегімен тербеткен ақындар тілегі Тұран топырағында жыл сайын тоғысатын болады. Бұл бастама Елбасының Рухани жаңғыру идеясы аясында тарихи, рухани болмысымызды одан әрі аша түседі, айшықтай береді деп есетейміз, – деді аймақ басшысы.

Былтыр фестивалге қатысқан ақындардың өлеңдері «Ұлы Дала үні» деген атпен жинақ болып, қырғыз тілінде жарық көрді. Кезекті шарада осы және Жарасқан Әбдірашұлының «Дала, сенің ұлыңмын» атты кітабының тұсауы кесіліп, қалың оқырманға қол тартты.

Поэзия кешінің былғы ерекшелігі, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Татарстан елдерінен, Қазақстанның әр түркілерін 30-ға жуық ақын қатысып, географиясы кеңейді. Аудандардан бастау алған шара барысында меймандар Сыр елінің киелі жерлерімен танысып, еңбек адамдарымен жақын жүздесті.

Қорытынды кеште жыр мәйегін жүрегіне жиган шығармашылық иелері өлеңдерін оқып, тыңдарманның көңіл пернесін шертті.

КЕЛЕСІ САНДА

Болашақтың мамандығы қандай?

...Иә, өмір тез өзгеруде. Сондықтан бүгінгі күні мектепте оқып жүрген балаңыздың келешек қандай мамандыққа оқығаны дұрыс деген сауалға қазірден бастап жауап іздегіңіз берген жөн секілді. Осы ретте Ресейдегі «Сколково» бизнес мектебі және Стратегиялық бастамалар агенттігі еңбек нарығында тауау онжылдықта мүмкін болар өзгерістерге болжам жасап, жана мамандықтар Атласын дайындаған. Атлас – алдағы 15-20 жылда қажеттілікке ие салалар мен мамандықтар альманағы.

Бұл туралы ақпарат «Сыр бойының» өткен санында (28 мамыр, №77) жарияланса, келесі нөмірде қазақстандық сарапшылардың зерттеулерін газет тілшісі Ыдырыс Тәжіұлының мақаласына арқау болады.

ӨНІР ӨНІМІ – ӘЛЕМДІК НАРЫҚТА

Төрт тауар экспортта үздік бестікке кіреді

Облыста жаһандық бәсекеде артықшылыққа ие 21 тауар бар. Оның ішінде өңір 4 тауар бойынша әлемдегі экспорттаушы елдердің үздік бестігіне кіреді. Олар – тұз, күріш, балық және минералды заттарды битуммен араластыруға арналған машиналар (өңдеу өнеркәсібінде қолданылады).

Бұл ретте, ұсақталған күріш экспорты бойынша облыс әлемде 1 орын алып, жаһандық бәсекеестікте басымдыққа ие деп хабарлайды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы.

«Жаһандық салыстырмалы артықшылыққа қол жеткізуде балық өнімдерінің экспортын қажетті деңгейге дейін ұлғайту зор мүмкіндік. Бұл индекс елдің тауар экспортының халықтың жан басына шаққандағы орташа әлемдік көрсеткішке арақатынасын өлшейді», – дейді басқарма басшысы Бақыт Жаханов.

Жалпы, соңғы бес жылда облыстың агроөнеркәсіп кешенінде қарқынды даму байқалады.

Мәселен, негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлем индексі 27 есеге артқан.

Аймақ экспортының шоғырлану деңгейін талдау соңғы бес жылда экспорттың әртараптандырылуын көрсетеді. Осылайша, экспорттала-



тын ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрлері 5 есеге өсті (3-тен 16 түрге дейін).



Өткен жылы экспортталған ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 34,5 млн долларды құрап, 2013 жыл-




мен салыстырғанда 1,5 есеге өскен. Айта кетейік, өнімді өткізудің негізгі нарығы – Тәжікстан, Түркі-

менстан, Ресей, Украина, Монғолия, Польша және Нидерланды мемлекеттері.

САЙЛАУ – 2019

Бірлік – біздің тірегіміз

Еліміздің Ата заңында биліктің бірден-бір көзі – халық екені нақтыланған. Конституцияның және Сайлау туралы заңның ережелеріне сәйкес Президентті, Парламент Мәжілісі мен жергілікті өкілді органдар депутаттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жергілікті органдарының мүшелерін сайлау жалпы әрі тең және төте сайлау құқығы негізінде жасайтын ашық түрде жүзеге асырылатын және беру жағдайында өткізіледі.



Тәуелсіздік жылдарында біздің елдің азаматтары 2 референдумдық науқанға, президентті сайлау жөніндегі 6 науқанға, 5 рет Парламент Мәжілісін, 5 рет биліктің жергілікті өкілді органдарын, яғни, мәслихаттарды сайлауға қатысты.

Сонғы бес жыл электрораттық оқиғаларға толы болды. 2011 жылғы сәуірде және 2015 жылғы сәуірде Мемлекет басшысын, 2012 жылдың басында Парламент Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттар депутаттарын сайлау болды. 2013 жылғы тамызда 2457 әкімшілік-аумақтық бірлікте жергілікті әкімдерді, ал 2014 жылғы қазанда Парламент Сенаты депутаттарын сайладық.

Осындай саяси науқанды бастан өткерген сәттерде басты байлығымыз – бірлігіміз бен ынтымағымыз сызат түскен жоқ. Қанді-латтардың ұлтына, діні ұстанымына, саяси көзқарасына, жынысына қарай алғашқы оқиғалары орын алған жоқ. Сайлаушылар да өзінің таңдау құқығын пайдаланды. Өйткені сайлаушы кызу үгіт-насихат кезінде алғашқы жиындардан әрқилы ой түйіп шыққанымен, сайлау күні учаскедегі кабинетке жағалып кірді. Таңдау жасау сәтінде оған ешкім ықпал ете алмайды.

Кез келген сайлау ең алдымен елдегі саяси ұстанымдар мен идеологиялық дамуға бағытталады. Болашақ дамуымызды айқындайтын, ел басқаратын тұлғаны таңдауға жауапты әрі тарихи кезең қарсаңында қоғамның тұрақтылығы аса маңызды. Біздің бойымызда бірлікке сына қағатын әрекеттердің қай-қайсысына да қарсы тұратын иммунитет бар. Тағдыршеңді шайыптарды оқып-қарап қарап бермей, жұдырықты жұмыла білу әрбірміз үшін маңызды. Адамның еркі мен бостандығына қол сұғылмайтын заманда берекеміз, татулығымыз, түсіністігіміз сақталып, тарих сабақтары жадымыздан шықпаса дейміз.

Бұл күндері бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер – кандидаттардың үгіт-насихат алаңы. Бірақ кей жерлерде ақпарат тарату кезінде жалғыз ортақ әдептілік нормалары сақталма бермейтін байқал жүрміз. Абай хакім айтатын «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің» нағыз керек шағы осы. Еркін елдің әр азаматының ерікті жасаған дұрыс таңдауына көп нәрсе байланысты.

Қазіргі ішкі саяси ахуал қазақстандық қоғамның, халықаралық қауымдастықтың назарында. Елдегі бейбіт жолмен жүріп жатқан биліктегі өзгерістің логикалық нүктесі – сайлау және оның қорытындысы. Ол күнде де жақын қалдық. Бүгінде Президенттікке кандидаттардың арқасының сайлауалды штабтары кызу жұмыс жүргізуде. Олардың міндеттері – өз кандидаттарын өткізу. Сайлауалды бағдарламаларды, сан түрлі үздіктерді сана таразысына тартып, ақылға салып, дұрыс таңдау жасайтын уақыт таяды. Тек осы жолда жаңылысайық!

Г.ТЕЛЬМАНҚЫЗЫ.

Жаңа белестерге жол

Кез келген қуатты мемлекеттің биік тас кәсіпшілігі ұғымдарының бірі – отандылықтың. Ал, отандылық, мемлекетшілдігіміз біздің халықты біріктіретін Қазақстанның бірлігі мен жалпыұлттық идеясының негізі болып табылады. Өз Отанының азаматы, патриот болу үшін қоғам қайраткері немесе батыр болудың қажетті жолы. Тек өз Отанымызды жеткілікті дәрежеде сүйсізіміз, ол үшін қам жуеіміз, құндылықтары мен байлықтарымыз қорғауымыз, оның барлық қиындығы мен қуанышымен бірге бөлісуіміз қажет. Өздеріңізге белгілі, алдағы 9 маусымда кезектен тыс Қазақстан Республикасының Президентін сайлау өтеді. Еліміздің болашағы үшін алаңдайтын әрбір азаматты бұл мәселе бейжай қалдырмау керек. Сайлауға қатысу Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының міндеті болып табылады. Сол себептен еліміздің болашағы жолындағы тұтастығымыз бен бірлігімізді тағы да таңыту үшін сайлауға біркісілей атсалысқан абзал. Өзіміз қызмет жасайтын Қызылорда медициналық жоғары кәсіптік ұжымы Отанымыздың келешегі үшін әрқайсысы сайлау учаскелеріне барып, өз таңдауын жасайды деп білеміз. Ел Президентін сайлау Қазақстанымыз мұнан әрі жаңа белестерге алып шығаруына сенімдіміз мол.

Эльмира НҮРПЕЙİСОВА,
Қызылорда медициналық жоғары колледжінің оқытушысы.

Сыр елінің жаңа көкжиектері

Спорт саласында жалпы сомасы 1,8 млрд теңге болатын 5 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жоспарлануда.

Су тасқынына қарсы іс-шаралар бөлігінде су тасқыны қауіп-қатерін алдын алу мақсатында облыс әкімдігімен жалпы сомасы 11,4 млрд теңгеге 14 іс-шараны жүзеге асыру ұсынылуда.

Тұрғын үй құрылысына қатысты Кешенді жоспар аясында 4 жылда 208,9 мың шаршы метр болатын 3 510 пәтерілі тұрғын үй құрылысы жүргізілетін болады. Оның ішінде: 1 205 пәтер әлеуметтік-осал топтарға, 1 715 пәтер көпбалалы отбасыларға және 590 пәтер кредиттік тұрғын үйлер.

Оның арқасында біз облыс бойынша жыл сайын 800 мың шаршы метр баспана салуға мүмкіндік аламыз.

37,9 километр инженерлік желілер салынатын болады.

Қызылорда облысы әлеуметтік-экономикалық дамытудағы 2019-2022 жылдарға арналған Кешенді жоспарының негізгі қысқаша сипаттамасы осындай!

Біз Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде жалпыөнерлік

1-бет.

өнімнің көлемін 2 трлн теңгеге жеткізсеміз, қосымша 10 мың жұмыс орнын ашамыз.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Үкімет мүшелері!

Ұсынылып отырған Кешенді жоспар тиісті орталық мемлекеттік органдармен келісілді, Республикалық бюджеттік комиссияда қолдау тапты (21 мамыр 2019 жыл).

Жоспарды бекітулеріңізді сұраймын!

Келесі мәселе – Қызылорда қаласының қала құрылысы және әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі құжаты болып табылатын – Қызылорда қаласының Бас жоспары туралы.

Қызылорда қаласының қолданыстағы Бас жоспарына болашақ әлеуметтік және көлік инфрақұрылымын ескере отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қызылорда қаласының белгіленген шекарасы 13 600 гектарды құрайды.

«Қызылорда қаласының Бас жоспарына өзгерістер енгізу» жобасына сәйкес 2018 жылы қаланың жалпы аумағы 20 528 гектарға дейін ұлғайды.

Анықтама үшін:

Бұл ретте, Тасбөгет (680 га) және Қызылжарма (490 га) елді мекендерінің аумақтары қала шекарасынан, елді мекендердің өз әкімшілік-аумақтық құрылғылары болуына байланысты алынып тасталды. (Алынып тасталған аумақтар – 1170 га).

«Сабалақ» саяжай алқабы (839 га), «Бәйтерек» тұрғын алқабы (4751 га), сондай-ақ Сырдария өзенінің сол жағалауындағы қосымша аумақтар (1338 га) қаланың перспективалы шекарасына енгізілді.

Солтүстік-шығыс бөлігіндегі аумақтар негізінен жеке тұрғын үй құрылысын дамытуға, ал батыс бөлігі (сол жағалау) көпкөптерілі тұрғын үй мен рекреациялық аймақ үшін бөлінеді. (Қосылған аумақтар – 6928 га).

Сонғы жылдары Қызылорда қаласында орташа жылдық табиғи (туу) өсім 1000 тұрғынға 22 адамды, механикалық (көші-қон) өсім 1000 тұрғынға 9 адамды құрады.

2018 жылдың 1 қаңтарына қала әкімшілігінің шегіндегі халықтың саны 294 мың адамды құрады.

Анықтама үшін:

Ағымдағы жыл басында Қызылорда қалалық әкімшілігіндегі халық саны 303 мың адамды құрады. Жыл ішінде халықтың саны 9,0 мың адамға көбейді.

Қызылорда қаласында 15 жасқа дейінгі жастардың үлесімен қолданылатын жаныстық – жастық құрылымын – 34 %-ды құрайды; ал 60 жасқа асқан тұрғындардың үлесі – 7,9%, яғни республика бойынша салыстырғанда бұл үздік көрсеткіш болып табылады.

Қызылорда қаласының халқы оң демографиялық үрдістер мен тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуға ескере отырып, есетті мерзімге (2025 жыл) қалалық әкімшіліктің шегіндегі халықтың саны 350 мың адамды құрайды.

Көпбалалы тұрғын үй құрылысын дамыту мақсатында облыс әкімдігімен соңғы алты жыл ішінде Қызылорда қаласында 10 жаңа шағын аудан және қаланың қолданыстағы шағын аудандарында 5 тұрғын үй кешені ашылды, онда 139 көпқабатты тұрғын үй салынды (6500 пәтер). Бұл сонымен бірге урбанизация процесінің жеделдетуіне де ықпал етуде (облыс халқының 64%-ы ауылда тұрады).

Биылғы 2019 жылдың соңына қарай Қызылорда қаласының тек сол жағалауында 2628 пәтерлі 53 көпқабатты тұрғын үй салынып, онда 13,0 мың адамды қоныстандыру жоспарлануда. Бұл, әрине,

механикалық өсімге ықпал етеді.

ҚР Президентінің Жолдауына сәйкес (2018 жыл 10 қаңтар) есеттік мерзімге дейін бір адамды 30 шаршы метрмен қамтамасыз ету шарларына. Осылайша, Қызылорда қаласының тұрғын үй қорының жалпы алаңы есетті мерзімнің соңына қарай (2025 жыл) 8,4 млн шаршы метрді құрайды, ал жаңа тұрғын үй құрылысы 2,9 млн шаршы метрді құрайды.

Анықтама үшін:

01.01.2019 жыл бойынша тұрғын үй қорының жалпы алаңы 5,5 млн шаршы метрді құрайды.

Қызылорда қаласының Бас жоспарына өзгерістер енгізу кезінде тиісінше инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым, көше-жол желісі, сондай-ақ Қызылорда қаласының аумағын саулеттік-жоспарлау бөлімдері түзетілді.

Бас жоспардың жобасы Қазақстан Республикасының барлық мүдделі орталық және жергілікті мемлекеттік органдарымен келісілді. Кеше жоба Асқар Ұзақбайұлы, Сізге, және бір топ Үкімет мүшелеріне толығымен баяндалды.

Жобаны бекітулеріңізді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

Тәрбие бастауы – отбасы

Қоғамда бала тәрбиесі еш өзектілігін жойған емес. Керісінше, бүгінгі күнін ерекше көңіл аударатын маңызды мәселесі болып тұр. Себебі, жаңа технология қарыштап дамыған уақытта балаға деген отбасының көңілі, ата-ананың мейірімі кемшін түсіп жатқандай.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



Кеше “Рухани жаңғыру” орталығының ұйымдастыруымен А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде “Жаһандану дәуіріндегі отбасылық тәрбие және заманауи құндылықтар” атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов пен Білім және ғылым министрлігі мен еліміздегі жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.

Конференцияда дәстүрлі отбасылық құндылық, бүгінгі отбасы тәрбиесінің тарихи негіздері, қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі отбасы мен бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер сөз болды.

– Төртінші индустриялық революциялық кезеңде қоғамда тәрбие мәселесі кейінге ысырылып қалды. Бұл біздің еліміздің ғана емес бүкіл әлемде орын алып жатқан жағдай. Қазір біз баланы қоғам, балабақша, мектеп, ЖОО тәрбиелен жатыр деген факторды алға тартамыз. Негізінен тәлімнің бастауы отбасында. Үш жасқа дейін берілген тәрбие баланың келешекте жақсы дүниелерді игеруіне, қабылдауына әсерін береді. Қазіргі күні жаңа технологиялар пайда болғалы балаларымыз телефон мен әлеуметтік желілерге байланды. Одан алатын тәрбиенің бәрін жақсы деу мүмкін емес. Сондықтан дәстүрлі тәрбиені, отбасылық құндылықтарды қайта қолға алатын кез жетті, – деді ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры Кенжешан Матығұнов.

Ал, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры Сараш Қоңырбаева бала тәрбиесіне тек отбасы ғана емес бүкіл қоғам атсалысу керектігін тілге тиек етті. Сондай-ақ, ақсақалдар мен аналар мектебін ұйымдастыра отырып, балаға этноәлеуметтік тәрбие беру керек деген ойын білдірді. Мұнан бөлек, шарада филология ғылымдарының кандидаты, профессор Ұлжан Жанбердиева “Тұрмағамбет шығармаларының ұлттық тәрбиемен сабақтастығы” турасында баяндама жасап, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың доценті Манат Жайлауова “Студент жастардың отбасы құндылығын қалыптастыру”, филология ғылымдарының докторы Баймырза Қожамердиев “Моральдық-этикалық дәстүрлер – адамгершілік тәрбиенің бастауы” тақырыптарында баяндама оқыды.

Жыны соңында баяндамашылар қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, ұсынымдар қабылданды.

Айта кету керек, осы күні облыстық жастар орталығында “Жас отбасы – жарқын болашақ” кеңес беру жәрмеңкесі де өтті. Оған “Тұрғын үй жинақ банкі” АҚ Қызылорда филиалы, “Жастар ресурстық орталығы”, жастар денсаулық сақтау орталығының мамандары қатысып, жас отбасыларға құқықтық, экономикалық, медициналық, медиаторлық кеңестер берілді. Жәрмеңкеге жұмыссыз жастар, ЖОО бітіруші тұлғалар мен жас отбасылар келіп, өздеріне қажетті бағыт-бағдар алды.

Шынар БЕКБАН.

Тарих пен таным

Осы орайда, «Достық үйінде» саяси регрессия құрбандарын еске алу күні қарсаңында «Ұлттық тарихи жады – рухани жаңғырудың негізі» тақырыбында ғылыми-танымдық конференция өткізілді.

Конференция қатысушылары алдымен «Наурызбет жылдар тарихы – архив деректерінде» атты көрме таныстырылды. Шарада облыстық ҚХА хатшылығының меңгерушісі Ләйло Төрешова 31 мамыр – өткенге оралып, бабалар рухына бас иетін күн екенін атап өтіп, ел тарихындағы қиын-қыстау заманның запылы туралы ойын жеткізді. Аталған конференция зұлмат жылдардың қасіреті кезеңін заман бінгінен таразылап, тұжырым жасауға ұмтылыстың тағы-лығы бір қаламы болуға тиіс екенін атап өтті.

Сондай-ақ, Қорқыт ата атындағы ҚМУ «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси ғылымдар» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының докторы Дастанбек Сәтбай және «Филология, тарих және құқық» факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Сағат Тайман XX жасрдың ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін – мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасы төгілген тарих беттерінің бірі болғандығын өз баяндамаларында тарата айтты.

Тарихшылардың мәліметі бойынша, 1937-38 жылдары советтік Қазақстанда 118 мың адам сотталған. Олардың 25 мыңы ату жазасына кесілген. Арасында казак зиялылары: ғалымдар, мәдениет және саясат саласының қайраткерлері болды.

ЖОБА

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСТЕРІН РЕТТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛІХАТЫНЫҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 14 ШІЛДЕДЕГІ № 134 ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 296 қаулымен бекітілген, облыстағы республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Қызылорда облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 шілдедегі № 134 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде 5942 нөмірімен тіркелген, 2017 жылдың 30 тамызында Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін электрондық эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілді:

Жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген, Қызылорда облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидаларында:

3-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылыс:

«2) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған

БРИФИНГ Сақтық ережесі есте болсын

Жаз басталмай жатып дария жағалауына жиналатындар көбейді. Күннің аптап ыстығында суға шомылу жаңа жайлы болғанымен, қауіпсіздік қағидаларын сақтамайтындар да бар. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ТЖД бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Омар Бержанов пен «Оңтүстік өңірлік аэроұтыр желелі құтқару жасағы» ММ басшысы Бақыт Ембергенов айтып өтті.

Өткен жылы облыс бойынша 22 адам суға кетіп, қайтыс болған. Ал, жыл басынан бері 5 қайғылы оқиға тіркелді. Олардың екеуі – бала. Бүгінде төтенше жағдайлар бойынша адамдардың суға кету дерегі көп бастан тұр. Ажал айтып келмейді. «Десе де спирттік ішімдікке тойып алып, өз қауіпсіздігін ойламай, қайғылы жағдайға ұшырайтындар көп», – деді ТЖД бастығы Омар Бержанов. Бұған қоса, үлкендердің бақылауынсыз су жасына бару, рұқсат етілмеген жүзу құралдарын қолдану, тіпті, алғашқы көмек көрсету тәсілдерін білмеу секілді жағдайлар көбейуде.

Осы тұрғыда, былтыр Арал ауданында арнайы топ құрылып, желелі құтқару жасағының мамандары балаларға жүзудің қыр-сырын тегін үйреткен болатын. Құтқарушылар биыл да мұндай шаралар жалғасын табатындығын айтты.

Айғаным ҚҰРМАСHEBA,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ 3-курс студенті.

өңірлерге тұрақты түру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны»;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын: «3) орамандарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты түру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін орамандардың немесе орамандар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 31- сессиясының төрағасы

Н. Әмітөв

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы

Н. Байқаламов

ӘЛЕМ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

Бес жүз жылдық онлайн трансляция

Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) ұзақтығы 500 жылға жуықтайтын онлайн-трансляция бастады. WWF-тың Facebook-тегі парақшасында басталған трансляция пластмасса бөтелкенің табиғи жолмен жойылу процесін көрсетпек.

Пластмассаның табиғи түрде жойылуы оның құрамына тікелей қатысты. Сондықтан, жарты мың жыл жүреді деп жоспарланған трансляцияның шын мәнінде қанша уақытқа созылатынын ешкім нақты айта алмайды. Экологтар трансляция арқылы әлем халқының назарын қоршаған ортаның ластануына ауда-

руды көздеп, пластмасса өнімдерді тұтыну молшерін азайтуды насихаттамақ. Жалпы әлемде 9 млрд тонна пластмасса бар. Оның 6 млрд тоннасы қалдық. Оның 10%-і немесе 600 млн тоннадан астамы мұхиттарда қалқып жүр. Соның салдарынан Жер бетіндегі барлық тасбақаның тең жартысының асақанына пластмасса қалдықтары түскен көрінеді. Мұндай кепті су құстары да киіп отыр. Ғалымдар соңғы 50 жылда пластмасса қалдықтарының кесірінен жан-жануарлардың 20%-інің тұқымы құрып кеткені жайлы деректер келтіреді.

АҚШ-тағы алапат дауыл

АҚШ-тың Иллиной штатында табиғаттың тосын сыйы тұрғындарды таңғалдырды. Бірнеше өңірлерде қатты жел тұрып, несер жауын жауды. Салдарынан тұрғын үйлердің шатырлары қиран қалған. Мамандардың айтуынша, аймақтағы несер жауын тасқынға ұлауы мүмкін. Ал Чикагода жауған ірі бұршақ егістіктерге зиян тигізген. Жергілікті билік қауіпсіздік мақсатында тұрғындарды алыс сапарға шықпауға шақырды.

Қолданыста жаңа банкноттар

Еуроаймақ елдерінде номиналы 100 және 200 еуролық жаңа банкноттар қолданысқа енді. Бұл туралы Еуропалық орталық банкінің (ЕОБ) сайтында жарияланды.

Жаңарған банкноттар бұрынғы түсініп сақтап қалған және қосымша қорғайтын элементтермен қамтылған. «Банкноттың күміс түстес жолағының жоғарғы жағында € символы бар. Ол қағаз ақшаның көбей ұстағанда, санның жаңа жағын айнала қозғалып, суэле тікелей түскенде анық көрінеді.

Күміс түстес жолақта Еуропа портреті, сәулелік сарын мен € үлкен символы бар», – делінген ЕОБ хабарламасында. Жаңа банкноттардағы номинал саны змірет түстес және үлкен қаріпмен жазылған. Олардың ені де өзгерген: екі банкноттың көлемі 50 еуролық қағаз ақшамен бірдей болады. Бұрынғы үлгідегі 100 және 200 еуролық банкноттар заңды төлем құралы болып қала бермек және бірте-бірте қолданыстан шығарыла бастайды.

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Ел тарихында миллиондаған азаматтың өмірін қиған қасіретті оқиғаларды білеміз. Олардың бір – 30-шы жылдардағы саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық.

Қаралы күндер тарихы

Қазақстандағы тұңғыш репрессия 1928 жылдан басталды. Өйткені 1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы болып келген Ф.И.Голоцкий республиканың саяси-экономикалық және әлеуеттік жағдайымен танысып, «Қазақстанға Ұлы Қазан революциясының ешқандай ықпалы болмады, сондықтан мұнда «Кіші Қазан» революциясын жасау керек» деген теріс қорытындыға келіп, республикада репрессиялық шаралар жүргізілгендігіне қалай баға бергендігіне сөзін айтты.

Ол ел алдымен зиялыларға ауыз салады. Солардың ішінде Ө.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Ө.Ермеков, т.б. болды. Шабандық және егістік жерді қайта бөлу, тәркілеу, азық-түлік салығы, күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру барысындағы зорлық-зомбылықтардан көп азап шеккен ел алдымен қазақ халқы болды. Бар дүниесінен, мал-мүлікінен, құрал-саймандарынан, тіпті жертелесінен де айырылған қазатар ашаршылыққа ұшырап, босқын күнге көпті.

Ауыл шаруашылығында егіншілік көлемі күрт азайып кетті. Мал шаруашылығы құлдырауға ұшырады. Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда 40,5 млн бас мал болды, ал 1933 жылдың 1 қаңтарында олардан бар болғаны 4,5 млн бас қалып еді. 1931-1933 жылдары бүкіл Қазақстанды қамтыған аштықтан халықтың 2,1 миллионы қырды.

Бір ғана Қызылорда облысында 81 байдан 10 920 ірі қара, 47 299 уақ мал тәркіленіпті. Мұрағат қорындағы облыстық прокуратураның 1937-1938 жылдардағы құпиясызандырылған құжаттардағы деректері бойынша НКВД үшін сотымен 1937-1938 жылдары халық жауы деген жалаға 314 адам ішкен, оның 110-ы партия қатарынан сотталып жазаланған екен. Тарихшылардың бағалауынша, Қазақстан бойынша 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңы атылған.

Сол кезеңде біздің өңірде де жеке адамдарға бағытталған қуғын-сүргін өте қатал түрде жүргізілді. Облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің деректері бойынша, 1930-1939 жылдары ОГПУ-НКВД органдары 4 мыңға жуық адамды жазалаған. Олардың ішінде 300-

ден астам адам ату жазасына кесілген, қалғандары бас бостандығынан айырылып, арнайы лагерьлерге жөнелтілген.

Облыстық партия ұйымының қызметі Сталиннің жеке басқа табыну саясаты ықпалымен жүріп жатты. Сталиннің Кеңес қоғамының социализмге қарай

Был қурылғанына 90 жыл толатын Қазақ республикалық лепрозорийі туралы кітап жазуды қолға алғанда тарих үшін баға жетпес құнды дерекке кезігермізді ойлап жатты. Арухана мұрағатшаны Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым Халел Досмұхамедовтің ұлы Әділхан Халелұлы Досмұхамедов туралы деректерді таптық. Ол осы мекемеде он сегіз жыл қызмет істеген екен.

Әділхан Халелұлы 1912 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 1930 жылы сол қалада орта мектепті бітірген. 1930-1938 жылдары Қазақ балық олағында нұсқаушы болған. 1938-1941 жылдары Астрахан медициналық институтының емдеуші-дәрігер факультетінде 4 курс оқып, 1945-1947 жылдары Алматы мемлекеттік медициналық институтының «емдеу ісі» факультетін аяқтаған.

1947-1949 жылдары Оңтүстік Қазақстан қазіргі Түркістан облысы Ленин ауданында ауруханасының меңгерушісі, Арыс ауданында амбулатория меңгерушісі, 1949-1950 жылдары Жамбыл қант комбинаты медициналық бөлімінің бас дәрігері, 1951 жылы Қызылорда облысы Шиели ауданында ауруханасының бас дәрігері болып жұмыс істеді.

1951-1969 жылдары Қазақ республикалық лепрозорийінде эпидемиолог дәрігер, бөлімше меңгерушісі және ординатор-дәрігер қызметтерін атқарды. Бірнеше рет марапатталып, суреті «Құрмет тақтасына» ілінді. 1969 жылы зейнетке шығды.

Баласы Мараттың естелігінен: «Өкініштісі сол, біздің әулет қилы тағдыры басталған еді. Халел атам ұлты үшін қараланған еді. Сол кезгі билік қуғындаумен болды. Ақыры түбіне жетті. Ал, ұрпақтары ше? Дені дұрыс қызмет бермей, тентіретіп жіберді. Сонына шам алып түскендер бір жерде тұрақтанып тұруға мүмкіндік бермеді. Оның ауыртпалығы мен ашы сабағын немересім де сезіндім. Алматы медицина институтының үшінші курсынан оқуды тастауға тура келді. Себебі – анамың 70 сом зейнетіңізден қарап, күн көру мүмкін емес еді. Әкем Әділхан ерте кайтыс болды. Тірі адам тірішілік етеді, айтқанда басымыз бейнетке салдым...

Жалпы, Халелден Рабига, Әділхан, Сауле, Қарашап, Төле деген бес ұл-қыз тарады. Мұның бәрі де жоғары білім алып, елге елеулі еңбек сіңірген. Бір қызығы әулеттен 13 ұрпақ ата жолын жалғап, дәрігер мамандығын иеленіпті.

Әділхан Сыр елін сағалады. Алдымен Шиели аудандық ауруханасында, сонымен республикалық лепро ауруын емдеу мекемесінде дәрігер болды.

Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы дайындық курсының үздік бітірген жылы әкесін «халық жауы» ретінде Воронежге жер аударғанда, оның кесірі баласына да тиді. Әрі қарай оқудың сәтін салмады.

«Адам деген ең төзімді тіршілік иесі ғой. Қанша қиыншылық қыспақтаса да тауқыметке төтеп бере алған. Алдамшы өмірде де айтарлықтай асу бар, оған жеткен де кем болмасы анық. Әкем

Шәрибай ТӨБЖАНОВ,
облыстық мемлекеттік
архив қызметкері.

Тектінің тұяғы

Был қурылғанына 90 жыл толатын Қазақ республикалық лепрозорийі туралы кітап жазуды қолға алғанда тарих үшін баға жетпес құнды дерекке кезігермізді ойлап жатты. Арухана мұрағатшаны Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым Халел Досмұхамедовтің ұлы Әділхан Халелұлы Досмұхамедов туралы деректерді таптық. Ол осы мекемеде он сегіз жыл қызмет істеген екен.



Әділхан Ұлы Отан соғысынан ауыр жараланып, 1 топтағы мүгедек болып келді. Бірақ бейнеттен қашпады. Өзін еңбегімен дәлелдеді. Алайым Қарашап пен ағам Төле екі көзден қалса да ғылымға, өмірге ұмтылысын тоқтатқан жоқ. Ақыры ғылыми еңбегін зерттеп, қорғады. Міне, біздің әулет қандай нәубет төнсе де мұқалмады. Қазір атамнан тараған ұл-қыздың біреуі де қалмады. Немерелен жалғыз мен тірімін.

Әкем Қызылордаға келгенде ешкімге тіс жарып ештеңе айтпаса керек. Өйткені, «халық жауының» баласы деген жаман аттан өбден шаршаған секілді. Ол 1969 жылға дейін еңбек етіп, зейнетке шықты. Әкем кезінде мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаевпен Алматыда, №14 мектепте, сосын ҚазМУ-дың дайындық бөлімінде бірге оқыған. Қарашап ағамның Қарғалы демалыс үйінде Орталық Комитеттің іс басқарушысымен кездесіп, оған екем жайлы айтқан екен. Содан көп ұзамай шақырту алды. Қонаев қабылдап, Алматыдан үй берді. Екеуі ұзақ сөйлескен сияқты. Димаш аға әкемің басындағы жағдаймен таныс болатын. Іштері қатып қалған шерін досына ақтарған ғой деп ойлаймын. Екі күн өтпей әкем ауруханаға түсті де, араға бірнеше уақыт салып өмірден өтті. Кейін білгенім, Қонаев әкеміңнің жиені Халел Досмұхамедов қорының президенті Динара әлеметтік қамсыздандыру министрі етіп тағайындаған еді. Соған айту керек, ағам өте үздік оқыды, бірақ арманына жете алмай кетті деп. Шынында, жер аударылып Воронежге барды, Астраханда медик институтқа оқыды, оны Алматыда мергендеді. Өйтеуір сол кезгі саясат оқитпауға да, қызметке орналаспауға да әрекет етіп тырысты» деп ұлы Мараттың естелігі осылай түйінделеді.

Иә, қазақ халқына басын қатерге тіге отырып, аяусыз еңбек еткен, сонына мол мұра қалдырған Халел ағамымыздың еңегі өмірін тек еліміз егемендігі алған соң барып қана білімді. Ал баласы Әділхан еш мойымай, өзінің досы, мемлекет басшысы Дінмұхамед Қонаевқа тек дүниелен өтер кезде ғана сырын ашып, мұның бәрінің тектілігі демесе еш шара жоқ. Олардың не деп сырласқанын да білмейміз. Өкініштісі де сол.

Молдағали СЕЙТАЛІЕВ,
«Қазақ республикалық
лепрозорийі» РММ бас дәрігері.

Түзетіліп оқысын

Газеттің 18 мамыр күнгі (№71-72) нөмірінде жарыққа шыққан «Күрескер» атты мақалада жіберілген техникалық қателіктерге байланысты мына сөйлем: «...Неміс фашистері тұрғына түскен ортаазиялықтардан фашистер Түркістан легионын құрып, оған Мұстафаны басып етпек болды» деп түзетіліп оқылсын.

Тиянақтылық тілсіз жаудың алдын алады

Өрт – тілсіз жау. Дала өрті қауіпті күшейетін тұста қауіптің алдын алу үшін тиянақтылық пен ұқыптылық қажет. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті, зілзалалардың қауіп-қатерін азайту және азаматтық қорғау саласындағы бақылау басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты Аспандияр Сапарғалиев газет арқылы жұртшылыққа қауіптің алдын алу жөнінде түсіндірме берді.

– Табиғи өрттің негізгі себебі адам факторы екені даусыз. Жыл сайын тұрғындар егістік алқаптарын жаңа кезеңге дайындау мақсатында өртейді, көп жағдайда оны қараусыз қалдырып қетеді, қатты желдің себебінен оттың ұшықтарынан өрттің жаңа ошақтары пайда болады, – дейді ол.

Сондай-ақ, табиғи өрт табиғатта демалушылардың жаққан оттарын өшірмей кетуінен немесе сөндірмей тастай салған темекі тұқылынан, қоқысты немесе құрғақ шөптерді жағу салдарынан пайда болады. Сол себепті, осы кезеңде табиғатқа шыққан адамдардың далалы аймақта сақ бо-

луы және өрт қауіпсіздігі қағидаларының шараларын сақтап, өте мұқият болуы қажеттігін түсіндірді.

Мамандардың айтуынша, сақтық шаралары үшін мыналар естен шығармаған жөн:

- бақылаусыз құрғақ шөптер мен қоқыстарды жақпау;
- балаларға сіріңкемен ойнауға, құрғақ шөптерді өртеуге рұқсат бермеу;
- оттың бір қурылыстан басқасына өткіп кетпеуі үшін шаруашылық аулдарының, гараж кооперативтерінің аумақтарын құрғақ шөптерден және қоқыстардан тазарту;
- жанған сіріңке мен темекі тұқылынан лақтырмау;
- күннің астында ботелке немесе шыны сынықтарын қалдырмау.

- құрғақ және желді ауа райында от жақпау.

Егер от қатты жанса, оны сөндіру мүмкін болмаған жағдайда «101» немесе «112» нөміріне қоңырау шағнам дұрыс.

«СБ» ақпарат.

Әдеп жөніндегі уәкіл қызметі

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметі шегінде мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда оларды қорғау және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады. Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама және қызметтік әдеп нормалары талаптарымен бұзудың алдын алуды қамтамасыз етеді, мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес береді. Сонымен қатар, мемлекеттік органның от имиджін және ұжымда жағымды ахуал қалыптастыруға елеулі үлес қосқан қызметшілерді көтермелеу туралы ұсыным білдіреді.

Сондай-ақ, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне мониторинг жүргізу мақсатында, ұжымда анонимді әлеуметтік зерттеулер жүргізіп отырады. Зерттеу нәтижесімен ұжымдағы мемлекеттік қызметшілердің ара-

қатынасына, басып мен қызметшілердің қарым-қатынасына, қызметшілердің құқығының бұзылуына тағдау жүргізіледі. Егер ұжымдағы жағдай қалыпты болмаса, ол ұжымның басымына түзетуге ұсынымдар береді.

Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметтің от бейнесін қалыптастыруға өз үлесін қосады. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлқы мәселелеріне үлкен мән беріледі. Өрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті халық арасында дұрыс пікір, от көзқарас, оған деген айқын сенімділікті қалыптастыру қажет. Бұл үшін қызметшінің кәсібилік деңгейі мен жоғары моральдік адамгершілік қасиеттері қатар тарау керек. Сонда ғана, кәсібилік пен әдептілік қосылғанда, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсететіні анық.

Г.АДІЛОВА,
ҚР АШМ БЖЖҚ-нің
Қызылорда
облыстық аумақтық
инспекциясының бөлім
басшысы.

Шетелге шығуды жоспарласаңыз...

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті азаматтарын есіне салады.

Жаз мезгілінің жақындауына байланысты демалысқа және шетелге шығу науқаны басталады. Осыған орай, Сіз және сіздің жақын адамдарыңызға сапарларыңыздың бұзылуына, ыңғайсыздықтың болдырмау мақсатында өзіңіздің және жақындарыңыздың салық қарыздарының бар болуына немесе болмауын тексеруіңізге кеңес береміз.

ҚР ҚМ МКК-нің сайтына («Электрондық сервистер» бөлімі - Салықтық берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер) ЖСН теріп жазған ақпаратты тексеруіңізге кеңес береміз.

АҚ филиалдарында немесе электрондық порталдар (Homebank, Kaspi.kz, терминалдар және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

Жеке тұлға 1 еселенген айлық есептік көрсеткіштен (2019ж.-2525 теңге) төлем мөлшерде салық берешегің астам екеніне немесе толық төлемеген жағдайларда салық органы Хабарлама тапсырылған күнінен бастап отыз жұмыс күні өткеннен кейін «Жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын» шығарады және жеке тұлғаға жібереді.

Электрондық салық төлеуші ретінде тіркелген және тұлғалар Хабарлама мен Салық бұйрығын салық төлеушінің кабинеті электрондық арнасы арқылы алады.

Жеке тұлға салық берешегін өтемеген кезде салық органы жеке тұлғаға салық бұйрығы тапсырылған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, мұндай Салық бұйрығын Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен мәжбүрлен ордындау үшін атқарушылық іс жүргізу органдарына жіберетінін естеріңізге саламыз.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

Сағынышпен еске аламыз



Адам баласына мәңгі өмір берілмеген. Өткен күнде белгі жоқ деген осы екен. Шіркін-ай, неткен қысқа ғұмыр еді... Жарқылдап жүрген балапаным Гүл Табылғанқызы Әбілқасымовна бүгін ортамызда болса қырық

бес жасқа толар еді-ау. Алға қойған арман-мақсаттарың көп еді. Сол армандарыңды қос ботан – Алқобтан мен Еңлік орындар, шыға алмаған шырдарыңа қос ботан шығар деген үміттеміз. Сенің жайдары жүзің, жібектей мінезің, мөлдіреп нұр шашатын көздерің көңілімізден кетпек емес. Көңіліміз қулазып, сәт сайын есікке елдеп, келіп қаламындай жанарымыз жауаптарымыз күндер өтеді. Амаз қанша, өзін жоқсын, артында сені еске алатын анам мен бауырларың, екі ботан бар.

Ерте ме, кеш пе, сенді бір күн бұл ақ таң.

Шын өмір келсе кетеміз бес күн тұрақтан. Артыңнан құран бағыштап, дұға тілейміз.

Мәңгілік жайың болсын деп жұмақтан.

Еске алушылар анасы, бауырлары, қыздары Алқобта, Еңлік.

Жедел ішек инфекциясының алдын алайық

Жедел ішек инфекциялары – бұл бактериялар, вирус тудыратын және балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру, әлемде ең кең тараған инфекциялардың қатарына жатады.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша жылды ішек инфекцияларының емізуді жастағы 3 миллионға жуық бала қайтыс болады. Жұқпалы жедел ішек ауруларының бас көтеретін мезгілі негізінен жас айлары болып табылады. Сондықтан да, облыс бойынша салааралық бағытта 2019 жылдың 4-13 маусымы аралығында «Денсаулықтың алтын ережелері» ұранымен оңкүнді жарияланды.

«Денсаулықтың алтын ережелері» ұлттық бағдарламасының негізгі мақсаты: Азық-түлік қауіпсіздігінің тиімді жүзесін қамтамасыз ету мәселесіне бүкіл қоғамның, соның ішінде барлық мүдделі тараптардың (қоғамдық тамақтануды мекемелері, азық-түлік өндірушілері мен жеткізушілері және тағы басқа) назарын аудару, сонымен қатар адамдарды жеке гигиена мен денсаулықты нығайтуға бейімделген тамақтану қағидаларын сақтау мәселелеріне назар аудару отырып, тамақтану қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы халықтың денсаулығын сақтау және нығайту болып табылады.

Ішек инфекциясы – жұқпалы ауру. Инфекция ауызу арқылы жұғып, қоздырғышы ішекті өсіп жеткізеді де микробтарды нәжіспен ілесіп сыртқы ортаға тарайды. Инфекция гигиенаның тазалығын төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден, мөселен, жуылмаған көкөністерден, пісірілмеген сүттен, сапсыз тағамдарды пайдалануынан, шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-ақ, ауыз суды қайнатпай ішкендіктен, лас суға түскендіктен жұғады. Жаз айлары-

да инфекцияны көп жағдайда шыбындар таратады.

Аурудың алғашқы белгілеріне тоқталар болсақ, олар: іштің жиі-жиі судай отуы, дегне қызғынын көтерілуі, емшектен бас тарту, асқа тәбет болмау, шөлдеу, күреу, бас ауру, жалпы әлсіздік, селсіздік, мазасылық, ауырыну, дәртенде қан қоспасының немесе кілегейдің пайда болуы. Сондықтан мұқият ішкігіңе ем жа-сай білген жөн. Ол үшін сұйықтықты мол, көбірек ішкізу керек. Жоғалған сұйықтықтың орнын толтыру үшін емшек сүті, айран, ұнтақталған жемістер, сорпа, күрші суы, сұйық шай, қайнатылған және салқындалатын су, ауыз арқылы ішетін «Регидрон» ерітіндісі қолданылады. Ауызбен су-ландыру ерітіндісі «Регидрон» ұнтағынан әзірлеу үшін, 1 пакеті қайнатылып, болме температурасында суытылған 1 литр суға араластырылып, дайындалады. Дайын ерітіндіні балаға әрбір 3-5 минут сайын 1 шай қасықпен беру керек. Ерітінді әрбір күнге жаңадан езіліп беріледі. Осы айтылғандарды мұқият орындасаңыз, баланыздың іш отуы біртіндеп тыйылады.

Өздігіңіше емдеу аурудың асықшына әкеліп соғуы немесе созылмалы формаларына ұласуы мүмкін. Беталды антибиотик қабылдау да сырқаттың клиникалық сипатын өзгертеді, әрі дұрыс диагностика қоюға қиындық туғызды. Жоғарыдағы аталған клиникалық белгілер пайда бола бастаса, міндетті түрде дәрігерге көріну керек. Ауырмандар, аман-сау болыңыздар...

Б.КАРИМСАКОВА,
«Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС-ның «Алтын алу бағдарламаларының» меңгерушісі, «Жұқпалы аурулардың алдын алу бағдарламасының» үйлестірушісі.

100 күн ішінде 100 смартфон: Қазақстанда «Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал!» акциясы басталды

2019 жылғы 1 мамырдан бастап 8 тамызға дейін Қазақстан Республикасының азаматтары «Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал!» акциясына қатыса алады. Акцияны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті фискалдык деректер операторымен бірлесіп өткізеді.

Акция кезінде Қазақстанның әрбір тұрғыны кез келген затты сатып алу немесе ақылы қызметті қолдану кезінде смартфон ұтып алу мүмкіндігіне ие болады. Тек тауарлар, жұмыстар және қызметтер үшін төленген сомаға берілетін чектерді «Таңдау» мобильдік қосымшасында тіркесе болады. Акцияға тек деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-қасалық машиналардың чектерін (Онлайн БКМ) чектері қатысады.

Акцияны өткізудің мақсаты азаматтық белсенділікті арттыру, азаматтардың тауар, жұмыс және қызмет тұтынушысы ретіндегі өз мүдделерін қорғау бойынша құқықтық мәдениетін қалыптастыру, көлемділі экономикаының мөлшерін қысқарту болып табылады.

2019 жыл ішінде ҚР ҚМ МКК-мен деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-

қасқа машиналарын (онлайн БКМ) қолдануға толық көшу жоспарланғанына назар аударамыз.

«Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал!» кең ауқымды республикалық акциясына кез келген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде Онлайн БКМ чектерін алған Қазақстанның азаматтары қатыса алады.

Қатысушы және чек туралы мәліметтерді тіркейтін «Таңдау» тегін мобильді қосымшасы App Store, Google Play market-те қолжетімді. App Store-дағы қосымшасына акция басталғанға дейін еске қосылады.

Акция шарттары бойынша чектің берілген күні мен уақыты ұтыс ойыны басталған күннен өртеле болмайты. Бір қатысушы тіркейтін чектер саны шектелмеген.

Акцияның толық шарттарын және қосымшамен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықты www.trebul.kz сайтынан көруге болады.

Қатысушылар арасында күн сайын акция өту кезінде 100 смартфон ойынатылады.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Назарларыңызға! Жолдарға уақытша шектеулер қойылды

Қазақстан Республикасы Қолқ және коммуникация министрлігінің 2012 жылғы 3 маусымдағы №315 бұйрығына сәйкес ауа температурасы +25С градустан асқан кезеңде жол төсемі белгінің бұзылуын болдырмау мақсатында жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар М-32 «Самара-Шымкент» автожолының 1240-2057 шақырымдары бір белтемірлікке түсетін жүктеме 9 тоннадан артық, А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» автожолының 12-216 шақырымдарына бір белтемірлікке түсетін жүктеме 8 тоннадан артық автокөлік құралдарының қозғалысына 2019 жылдың 1 маусымынан 31 тамыз аралығында сағат 10.00-ден сағат 22.00-ге дейін уақытша шектеу енгізіледі.

Халықаралық жүк тасымалына, зарлап шеккен адамдарға гуманитарлық көмек көрсететін, азық-түлік тасымалдайтын, сондай-ақ төтенше жағдайларда жоюға және алдын алу жөніндегі іс-шараларын жүзеге асыратын автомобильдерге шектеулер қойылмайды.



Тарихи туынды

«Арай сити молл» ойын-сауық орталығының кинозалында «Қазақ хандығы. Алтын тақ» көркем фильмі көрсетілді. «Парасатты поэзия» халықаралық фестивалінің аясында өткен шарала көрерменлік толы болды.

Мөлідр ҚАЛЫМБЕТ.

Фильм – бұған дейін көптең ыстық ықыласына бөленіп үлгерген «Қазақ хандығы. Алтын тақ» хикаясының жалғасы. Кинотуындының алғашқы бөлігінде Әбілқайыр хандығына бөлінген, жаңа мемлекет құруға ұмтылған қазақ рулары мен олардың басшысы Керей, Жәнібек хандардың Қазақ ордасын құрудағы әрекеттері сипатталса, кезекті туынды Шайбани мемлекетінің ұлы патшасы Әбілқайырдың қазасы, Сығанақтың қазақ хандығына қарауы, Керей ханның қайтыс болуы мен таққа Жәнібек сұлтанның отыруы секілді тарихи оқиғаларды қамтыды.

– Бұл маусым тақты, Ақорданың астанасы Сығанақты қайтару сынды маңызды оқиғалардың айналасында өрбіді. Картинаны түсіруге 500-ден астам адам жұмылдырылды. Рөлдерді орындаушыларды еліміздің бірнеше облысынан жинадық. Монғолия, Қытай және Ираннан келген актерлар да ойнады. Бірінші маусыммен салыстырғанда қынның, динамика жағынан жылдам деп ойлаймын. Көрермен көңілінен шығатынына да сенемін, – деді фильм режиссері, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Рүстем Әбдірашев. Расымен, фильмнің декорациясы мен түсірілім тобының жұмысы, актерлар ойыны бірден баурап әкетеді.



Аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы Нұрлыбек Мынжас осындай қайталанбас туынды сыйлағаны үшін Рүстем Әбдірашевке Сыр халқының атынан алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕНІШІ

Айдананың асқақ арманы

Ауылда көпбалалы отбасында өстік. Көзімізді ашқаннан бар тіршілігіміз төрт түлікке байланысты болғандықтан, шаруа жайына да бөтен емеспіз. Кеңес өкіметі кезінде қой мен түйе жүнінің бағасы шарықтап тұрды. Әр үйде қолдан басқан киіз бен түрлі қолөнер бұйымдары тұратын еді. Қазіргі таңда мұндай заттарды сирек көресің. Тіпті, ұлтарақ жасайтын киізді де табу мүм.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.



Біршама уақыт бұрын базар ішінде кісі қарасы мол шоғырланғанын көріп, бұрылдым. Кезекте тұрғандар қой жүнінен жасалған, сырғытпа салынған аяқкиім саудасын қыздырып жатыр екен. Қарапайым тәсілмен дайындалған осынау аяқкиімдер демде өтіп кетті. Сатушылардың Ақтобеде келгенімен білгенде біз жақта қаншама қой жүнінің текке росуа болып жатқаны есіме оралды.

Мамандығы дизайнер Айдана Әділбайқызының толымды тірлігі көпке үлгі болғандай. Саусақтарынан өнері саулаған қарындасымыз түйе жүнінен көрпе, қой жүнінен ою-өрнегі келіскен киіз, текемет басып, тоқыма, жүн шұлық, белдемше, тағы басқа бұйымдар тоқуды терең меңгерген. Соңғы кезде автокөлік салонына арнап қой жүнінен дайындалған, әсем шағын төсеніштер жасауды бастап кетті. Шұға, фетр материалдарынан жеңсіз, кәдесый, сөмке, әмиан, балалар аяқкиімінің тігіп, ат әбзелдерін

әзірлейді. Өнімдеріне сұраныс та баршылық. Айдана – мемлекет қолдауын сезініп отырған жеке кәсіпкердің бірі. Мұнан екі жыл бұрын жарты миллион теңге көлемінде қайтарымыз грантты иеленіп, сол қаржысына екі тігін машинасын сатып алған еді. Тімді жұмсағанның арқасында пайдасыз емес. Бағындырған белесі де қонақты.

Жанқожа бабамыздың дүниеге келгеніне 240 жыл толуына арналған мерейтойдағы гүлдер мерекесінде, «Қолөнер – сырлы өнер» республикалық қолөнер шеберінің көрме жәрмеңкесінде, «Экология – жасыл әлем» байқауында, Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мерекелік шарда Айдананың бұйымдары көпшіліктің таңдайын қактырып, жүзде иеленді.

Корей киносының фестивалі

Ел тұрғындарының 85 проценті күнделікті жоқ дегендей бір сағатын сериал көруге жұмсайды екен. Соның ішінде жастар корей драмаларына әуес келеді. Ол жұмырда «Арай сити молл» ойын-сауық орталығында өткен корей киносының фестивалінде де анық байқалды.



Корея Республикасының Қазақстандағы елшілігі мен «Қызылорда облысының корейлер



ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған шарға жиналғандар көп болды. Олар

мұнда көрістердің тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі мен ұлттық асханасына қатысты барлық мағлұматқа қанықты. Фестиваль арнайы концерттік бағдарламамен көмкерілді. Бірлестік мүшелері «Самуэлюри» деп аталатын ұлттық аспаптың сүйемелеуімен өнерін ортаға салып, заманауи К-кор стилінде ән

шырқады. Әрі қарай шара сауда орталығының «Kinoplexh 8» кинотеатрында жалғасын тапты. Мұнда көрермен назарына комедия жанрындағы «Мы – братья» және «Процай, одинокая жизнь» фильмдері ұсынылды. Келген меймандар жақсы әсермен шығып, таңданыстарымен бөлісіп жатты.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

ЖОМАРТ ЖҮРЕК

25 велосипед, 21 планшет...

Сыр бойында жомарт жігіт көп. Соның бірі – Шахизатхан Ысқақов. Ол төрағалық ететін «Еңбек Жері» ЖШС Еңбек ауылындағы ағайынның ойынан шығып-ақ тұр. Бұған дейін газетімізде төраға өз қаржысынан ауыл орталығына 200 орындық мейрамхана мен шағын рынок салып, 9 тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтығанын айтқанбыз.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Өткен жылы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында екі ауыл зейнеткеріне «Сарыағаш» емдеу-сауықтыру орталығына ем алуға жолама және 17 оқушыға оқу құралдары мен мектеп формасы және спорттық киімдерін алып берген де осы серіктестік еді. Ал оқу жылы үздік аяқтанған бауырлы баланың 30 оқушысына бір-бір велосипед тарту еткенін кім естіпті бұл төніректе?!



Биыл тағы да сол үрліс, сол жақсы дүниге кайтамыз. Кешегі апта соңында Еңбек деп аталатын елдегі М.Байпайдаев атындағы №232 білім ордасында жылдағы дәстүрмен соңғы қоңырау үні сыңғырып, жаңа да жауапты өмірге аяқ басқан тұлғалар алтын ұя – мектебімен қолтасып, Ал осындай шарадан тыс қаламайтын Шахизатхан Ысқақов ауылдың келешек жастары болашақ ел тірегі саналатын бунғанға, яғни, мектептің 1-2 сынып үздік оқушыларына 25 велосипед пен 3-4 сынып үздік оқушыларына 21 планшет тарту етті. Сонымен қатар 6 оқушыға жарнақорған ауданындағы «Талдысу» сауықтыру лагеріне жолама берілді.

әрлеу жұмыстары жүргізіліп, ауылдың волейбол құрамасының ойыншыларына 780 мың теңгеге спорттық киім алынды. Ел есінде қалған тағы бір жайт, биылғы жылды қарсы алар алдында «Еңбек Жері» ЖШС-ның директоры Шахизатхан Ысқақов өз отбасымен бірге «Асылзат» мейрамханасында бастауыш сынып оқушы-

ларына арналған «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты жаңажылдық мерекелік кеш өткізді. Сонда серіктестік төрағасы бастауыш сыныпта оқитын 160 оқушыға жаңажылдық сыйлық жасады, – деді ауыл әкімі Қайырұла Қалдәуов. «Туған ауылға болсын» дейтін азаматтың бұл ісіне «Бәрекелді!» дейсін... Жалағаш ауданы.



1 маусым күні Қызылорда қаласы Жәлтоқсан ауданындағы «Жармаңқа өтпеді» әкімдігінің ұйымдастыруымен жәрмеңке өткізіледі. Өткізу уақыты 09.00-ден 13.00-ге дейін.

Кызылорда қаласы – Ә.Қашаубаев көшесінің бойы, Жетікөл көшесінің қиылысы (Титов қыстағы).

Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» компаниясының филиалы 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-39-01) «Оңтүстік-Шығыс Досжан кенішінде №№16, 30, 33, 38, 39, 50, 51, 52, 54, 55, 57, 58, 59, 101, 102, 103 ұңғымалардан мұнай және газ жинау жүйесі және Спутник-1 және 2 салу. Оңтүстік-Шығыс Досжан С-1 спутнигінен Арысқұм кенішінің С-6 спутнигінде дейін 6” мұнай газ коллекторын тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

«ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» компаниясының филиалы 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-39-02) «Оңтүстік-Шығыс Досжан кенішінде №№57, 58, 59, 101, 102, 103 ұңғымалары және СП-1 және СП-2 электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

«ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» компаниясының филиалы 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-39-03) «Оңтүстік-Шығыс Досжан кенішінде №№57, 58, 59, 101, 102, 103 ұңғымаларына және С-1 және С-2 спутниктеріне кірме автожолдар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықты» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-08-03) «Қарабұлақ кенішінде №20, 21, 22, 39, 41, 47 ұңғымаларына баратын кірме автожолдар тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықты» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-08-02) «Оңтүстік-Бағыс Қарабұлақ кенішінде №50, 51, 69, 70, 75, 11 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-33) «Құмкөл Оңтүстік-Шығыс бөлігі кенішінде ТҚ-4 қондырғысынан 12” газ коллекторына дейін газ құбырын тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.